

# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**

2022.07.25 16:54

**Регистрационный номер**

19745

**Дата обновления паспорта ОП:**

2022.07.25 16:57

**Код и наименование специальности:**

10130200 Тамақтану саласында қызмет көрсетуді ұйымдастыру

**Код и наименование квалификации/квалификаций:**

3W10130201 Даяшы

**Регион:**

Түркістан облысы

**Организация ТИППО (Разработчик):**

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «№14 колледж» МКҚК

**Партнеры-разработчики:**

"Atakent Holl" мейрамханасы, Мақтарал ауданы, Атакент кенті.

**Цель ОП:**

Еңбек нарығының талаптарына сәйкес тамақ дайындау саласында инновациялық бағдарланған, бәсекеге қабілетті, сауатты кәсіби кадрларды дайындау.

**Уровень по НРК:**

3

**Уровень по ОРК:**

3

**Профессиональный стандарт (при наличии):**

" Тамақтандыруды ұйымдастыру" ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасының 22.10.2018ж №284 бұйрығының 2-қосымшасы

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):**

35 Restaurant Service ( Мейрамхана қызметі)

**Форма обучения:**

Күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

120

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

12.04.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

KZ68BFA00136681

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

15

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

20.03.2020 ж.

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ЖБП 1. Математика	Функция, оның қасиеттері және графигі, тригонометриялық функциялар, көпмүшелер, математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы, дәреже мен түбір. дәрежелік функция, көрсеткіштік және логарифмдік функциялар, Функцияның шегі және үзіліссіздігі, туынды және оның қолданылуы, алғашқы функция және интеграл, комплекс сандар, дифференциалдық теңдеулер, стереометрия аксиомалары, кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық, кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар, көпжақтар, айналу денелері және олардың элементтері, дене көлемдерінің жалпы қасиеттерін зерттейді.	8/192
	ЖБП 2. Информатика	Аппараттық және программалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық үрдістер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және түрлендіру, қосымшаларды әзірлеу, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік ережелері мен техникалары оқытылады.	
ЖБП 3. Қазақ тілі	<p>Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм»..</p>	3/72
ЖБП 4. Қазақ әдебиеті	Әдеби шығарманың жанрлық табиғатына талдау жасау, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстер мен үндестіру. Әдеби шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби жән ееркін тақырыптарға шығарма) жазу, қазақ әдебиеті мен әлем	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығын бағалау.</p>	
ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті	<p>Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>	4/96
ЖБП 6. Шет тілі	Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».</p>	
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	<p>Әлемдік өркениеттің Орталық Азиядағы рөлін, зерттеу тарихының негізгі факторлары мен ошақтарын түсіну. Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін басқа әлемдік өркениеттермен салыстыру, бағалау. Этникалық процестердің сабақтастығын зерттеу. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының біріктіруші рөлін анықтау. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуін бағалау. Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымын және Түркі әлемінің қалыптасуын түсіну. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуының маңызы туралы тарихи фактілер негізінде</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>тұжырымдау. Ақ Орда және хандықтың құрылысуы мен дамуын талдау және бағалау. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау. Қазақ халқының материалдық мәдениетінің даму ерекшеліктерін талдау және әлемдік өркениеттегі орнын бағалау;</p>	
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	<p>Адамның білімге және шығармашылыққа деген құштарлығын негіздейді; жеке құндылықтар жүйесін анықтайды; жалпы адамзаттық құндылықтар арасындағы рухани байланысты ашады, адамның ішкі дүниесі оның тұлға ретінде қалыптасуының шарты. Адамның ішкі әлемі – оның даралығының көрінісі. Өзін-өзі бағалаудың «айнасы». Өзіне өзі адал болу қабілеті. Отбасы бастаулары. Отбасы дәстүрлері. Отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары. Отбасы тағдыры - қоғам өмірінің көрінісін ашады. Жалпы адамзаттық құндылықтар – танымның мақсаты. Адами таным бастаулары анықтайды. Адамгершілік нормаларына сәйкес өмірлік мақсаттарға жету жолдарын көрсете алады.</p>	2/48
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	<p>Дене тәрбиесі Жалпы адамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-</p>	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі, Әскери қызметтің құқықтық негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары, Тактикалық дайындық, Атыс дайындығы, Саптық дайындық, Әскери топография, Әскери роботты техникалардың негіздері, Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері, Технологиялық дайындық, Тактикалық дайындық, Атыс дайындығы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары, Саптық дайындық, Әскери топография, Медициналық бөлім.	4/96
ЖБП 11 Биология	Биологияны оқу пәні ретінде оқыту әдістерінің өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады, онда нақты объектілер (өсімдік, жануар, адам) және тірі табиғаттың күрделі құбылыстарымен дамуын оқытады. Биология пәнінің мазмұны және оның өзіндік ерекшеліктері, оқыту әдістерін,	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>тәсілдерін анықтаумен шектелмейді оның тәрбиелік мүмкіндіктерін де анықтайды. Биологиядан сабақ беру барысында тірі ағзалардың нақты фактілерін, табиғат құбылыстарының бір-бірімен байланысын тірі табиғаттың даму эволюциясының заңдылықтарын оқып білу оқушылардың ғылыми, диалектикалық материалистік көзқарастарын қалыптастырады.</p>	
ЖБП 12. Химия	<p>Заттардың бөлшектері, атомның құрамы мен құрылысы, периодтылық және периодтық жүйе, химиялық реакциялар энергетикасы, ішкі энергия және энтальпия, термодинамикалық заң, химиялық реакцияның жылдамдығы, химия және қоршаған орта, заманауи зерттеулердегі аналитикалық әдістері, жай заттардың табиғатта таралу түрлері және алыну әдістері, көмірсутектердің түрлерімен химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары зерттеледі.</p>	6/144
ЖБП 13. Физика	<p>Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту мақсаты олардың білімдерін есептер шығаруда қолдана білу икемділіктерімен дүниетанымдық көзқарастырын қалыптастыру барысында жүзеге асады. Әртүрлі кәсіп бағытындағы білім алушыларға физиканы оқыту мақсаттарының өз ерекшеліктері бар.</p>	3/72
ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы	<p>Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуінің даму тарихын, ерекшеліктерін түсіндіру және жаһандық</p>	3/72



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>мәселелердің себептерін, байланысын бағалау. Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау. Тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын, әлем мұражайларының ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындау. Көрнекті мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығын, жалпы адамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру.</p>	
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1 Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау	0,5/12
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерін жетілдіру.	5,5/132
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/24
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	2/48
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	1/24
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	1/24
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	1/24
	ОН 3.4. Қазақстан	0,5/12

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	
	ОН 3.5. Искерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	0,5/12
КМ 1. Жұмысты ұйымдастыру	ОН 1.1. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының түрлерін, мақсатты нарықтарын және қызмет көрсету стильдерін ажырату.	2/48
	ОН 1.2. Денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау нормалары мен техника қауіпсіздігін, азық-түлік тауарларын қолдану ережелерін, санитарлық нормаларды қоса алғанда, заңнамалық және нормативтік талаптарды қолдану.	2/48
	ОН 1.3. Жеке қасиеттерін көрсету және өзін қонақтарға орыс және қазақ тілдерінде кәсіби деңгейде таныстыру.	2/48
КМ 2. Тамақтану ұйымының келушілеріне қызмет көрсетуге дайындық	ОН 2.1. Ғимаратты қызмет көрсетуге дайындау, үстелдерді, орындықтар мен басқа да жиһаздарды орналастыру.	3/72
	ОН 2.2. Дастарханды, ас ішу құралдарын, шыны, фарфор және басқа да ыдыстарды, қосымша жабдықтарды дайындау.	6/144
	ОН 2.3. Тамақтану кәсіпорнының үстелдерін жабдықтау.	6/144
	ОН 2.4. Алкогольді және алкогольсіз сусындарды, суық, ыстық тағамдар мен тіскебасарларды дайындау.	6/144
КМ 3. Тамақтану ұйымының тұтынушыларына қызмет көрсету	ОН 3.1. Тамақтану ұйымының тұтынушыларын күтіп алу және олардан тапсырыстарды қабылдау.	2/48

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		ОН 3.2. Қызмет көрсетудің түрлі стильдері үшін қызмет көрсету циклын қамтамасыз ету.	3/72
		ОН 3.3. Қонақтардың талаптары мен жағдайды ескере отырып олармен дұрыс қарым-қатынас жасау.	3/72
		ОН 3.4. Тамақтану ұйымының тұтынушылары тапсырыс берген дайын тағамдар мен сусындарды ұсыну.	3/72
		ОН 3.5. Берілген тапсырыс үшін тамақтану ұйымының тұтынушыларымен есептесуді жүргізу.	2/48
		ОН 3.6. Тамақтану ұйымдарында бұқаралық іс-шараларға қызмет көрсету.	1/24
	КМ 4. Тапсырысты жеткізу және отельдің бөлмесінде Room Service қызмет көрсеткені үшін қонақпен есептесу	ОН 4.1 Тапсырысты бөлмеге жеткізу және дайын тағамдар мен сусындарды ұсыну.	1/24
		ОН 4.2. Қонаққа төлеу үшін шотты дайындау және ұсыну.	0,5/12
		ОН 4.3. Төлемді түрлі тәсілдермен қабылдау.	0,5/12
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	7/168